



Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің спорт залды пайдалану

кестесі

I ауысым

Сағ/күндер	Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
1с-8:00-8:45										
2с-8:50-9:35	5б(в)	6а(в)	2ә(в)	2б(в)	2а(в)				6ә(в)	
3с-9:45-10:30	1ә		10а	5ә(в)	3а(в)	3ә(в)	1б			
			5а(в)							
4с-10:35-11:20	1а	1б	4а	4ә	4а	4ә	1а	1ә	7ә	
5с-11:30-12:15				10ә	11а		8ә	9ә	8а	9а
	11а	11ә	8а			11ә			1а(в)	1ә(в)
									1б(в)	
6с-12:20-13:05	10а	10ә	9а		8ә	9ә	7а	7ә	7а	

II ауысым

Сағ/күндер	Дүйсенбі		Сейсенбі		Сәрсенбі		Бейсенбі		Жұма	
1с-14:00-14:45					7а(в)	7ә(в)			4а(в)	4ә(в)
2с-14:50-15:35	11а(в)	11ә(в)			9а(в)	8а(в)				
3с-15:45-16:30	10а(в)	10ә(в)			9ә(в)	8ә(в)	3а			
4с-16:35-17:20	2б		2а	2ә	2ә	3ә	5б		2а	5б
5с-17:30-18:15			3а		6а	6ә	2б	3ә	5а	5ә
6с-18:20-19:05	6ә		5а		5ә		6а			


Бекітемін:

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің

директоры А.К.Кулунтаев

Педагогикалық кеңес 31.08.23

Хаттама №1



Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің

Дене шынықтыру ұжымының

2023-2024 оқу жылына арналған

жылдық жоспары

1	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Ахметов Сәкен
2	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
3	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
4	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
5	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
6	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
7	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
8	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
9	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
10	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
11	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
12	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
13	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол
14	Білім беру бағдарламасын орындау және бағалау	Қыркүйек	Демеуов Аманжол

Бекітемін:

Мектеп директоры : А.К.Кулунтаев

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің
2023-2024 оқу жылында өтетін спорттық шаралар тізімі

№	Өткізілетін іс-шаралар	Уақыты	Жауапты
1	Білім алушылар арасында жеңіл атлетикадан марафон өткізу «Спорт ойындары күні» (спорттық акция)	Қыркүйек Мамыр	Ахметжан Өркен
2	Білім алушылар арасында футбол турнирін өткізу	Қыркүйек Желтоқсан Мамыр	Дене шынықтыру мұғалімдері
3	«Біз салауатты өмір сүреміз» жас спортшыларды дәріптеу	Қыркүйек Қараша	Дене шынықтыру мұғалімдері
4	Білім алушылар арасында волейбол жарысын өткізу	Қазан Желтоқсан	Дене шынықтыру мұғалімдері
5	Білім алушылар арасында үстел теннисі жарысын өткізу	Қазан Мамыр	Дене шынықтыру мұғалімдері
6	«Әлемді бағындырған жерлесіміз» (кездесу өткізу)	Қараша	Ахметжан Өркен
7	«Тоғызқұмалақ-дау» («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында жарыс)	Қараша	Ұлықпан Ұлан
8	«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы (волейбол, баскетбол, гандбол)	Желтоқсан	Дене шынықтыру мұғалімдері
9	«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында жарыс)	Қаңтар	Ахметжан Өркен
10	Қысқы спорт ойындары	Ақпан	Ахметжан Өркен
11	«Әкем, анам және мен» отбасылық жарыс	Наурыз	Ахметжан Өркен
12	Спорт ардагерлерімен волейболдан жолдастық кездесу	Сәуір	Шынжанов Еркебұлан
13	«Жаппай кросс»	Мамыр	Ахметжан Өркен
14	«СПОРТ-шексіздік» (Параолимпиада ойындарына қатысушылар туралы оқушыларға бейнеролик көрсету)	Мамыр	Сансызбай Жандос

Хабарлама

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінің дене шынықтыру нұсқаушысының жылдық жоспарына сәйкес қыркүйек айының 25-і күні «SportFEST» атты жеңіл атлетикалық спорт түрлерінен жарыс өткізілді. Жарысқа 7-11 сынып оқушылары қатысты. Жарыс 3 кезеңнен тұрды.

1- кезең: Қысқа қашықтыққа жүгіру. Бұл кезеңде 7 оқушы өзара бақ сынасты. Нәтижесінде:

Оқушының аты-жөні	Сынып	Уақыты	Орыны
Иманов Нұрдаулет	7ә-сынып	9.56 секунд	1
Бауыржан Нұржан	7а-сынып	9.95 секунд	2
Жанат Бекзат	9а-сынып	10.28 секунд	3

2- кезең: Кермеге тартылу. Бұл жарысқа 8 оқушы қатысып өз күштерін ортаға салды. Нәтижесінде:

Оқушының аты-жөні	Сынып	Тартылу саны	Орыны
Айдаулетов Бекжан	11а-сынып	20 рет	1
Шокан Жаснұр	10а-сынып	17 рет	2
Бигенов Әбілмансұр	9а-сынып	13 рет	3

3- кезең: Қыз балалар арасында шалқадан жатып кеудені көтеру болатын. Нәтижесінде:

Оқушының аты-жөні	Сынып	Тартылу саны	Орыны
Дабыл Әсем	7ә-сынып	31 рет	1
Елшат Қаракат	9а-сынып	29 рет	2
Қырғызбай Замира	11ә-сынып	27 рет	3

Осы 3 кезеңнің қорытындысы бойынша жалпы командалық ұпай есептелді. Өздерінің ұйымшылдықтарын көрсетіп 7ә-сынып оқушылары жеңімпаз атанды. Жарыс биігінен көрінген оқушылар мақтау қағаздарымен және медальдармен марапатталды.

Инстаграм сілтеме:

<https://www.instagram.com/reel/CxvUpqiLASK/?igshid=MzRIODBiNWFIZA==>



ХАБАРЛАМА

Қыркүйек айының 22-і күні Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде 9-11 сыныптар арасында Футболдан ұлттық мектеп лигасының мектепшілік кезеңі өтті. Жарысқа қатысты 8 команда. Ұлдар арасында үздік ойын көрсетіп 11 сынып оқушылары 1-ші орын иеленді. 2-ші орынды 10-шы сынып оқушылары иеленді. 3-ші орынды 9-шы сынып оқушылары жеңіп алды.

Осы жарыста үздік ойын көрсеткені үшін 11 сынып оқушысы Абдиров. Н үздік қақпашы атанды. Үздік ойын көрсеткені үшін 9а сынып оқушы Алдабай. А марапатталды. Ерекше көзге түсіп көп гол соққаны үшін 10-шы сынып оқушысы Сыдықов. С марапатталды. Қыздар Арасында үздік ойын көрсетіп 1-ші орынды 9 сынып оқушылары жеңіп алды. 2-ші орынды 11-сынып оқушылары жеңіп алды. 3-ші орынды 10 сынып оқушылары жеңіп алды. Жарыс қызықты әрі тартысты өтті.



ХАБАРЛАМА

2023 жылдың 17-қараша күні «Біз салауатты өмір сүреміз» тақырыбында мектебімізде жас спортшыларды дәріптеу мақсатында танымдық шебер-сынып ұйымдастырылды.

Іс-шараға тоғызқұмалақтан Ақтөбе облысының бірнеше дүркін жүлдегері, Темір ауданының чемпионы, мектебіміздің атын шығарып жүрген оқушымыз Төлеген Қолғанат арнайы шақырылды. Шебер-сынып барысында Төлеген Қолғанат оқушылармен өз тәжірибесімен бөлісіп, тоғызқұмалақ ойынының әдіс-тәсілдерін көрсетіп, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы туралы айтып берді.

Шараның мақсаты – ұлттық спорт түрін насихаттау, оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру және табысты жас спортшыларды үлгі ету.

Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, оқушыларға үлкен мотивация берді.



ХАБАРЛАМА

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «Оқушылар және бір ұстаз» атты ВОЛЕЙБОЛДАН мектепішілік сайыс өтті. Сайысқа 7-11 сынып оқушылары қатысты.

1. 11 «А» сынып және Абжами А. / 2. 11 «Ә» сынып және Құрмалақов Б.

3. 10 «А» сынып және Мажит Н. / 4. 10 «Ә» сынып және Булеков Е.

5. 9 «А» сынып және Тілеген Д. / 6. 9 «Ә» сынып және Мұқан М.

7. 8 сынып және Шынжанов Е. / 8. 7 сынып және Ахметжан Ө.

Жарыс максаты: Оқушыларды спортқа баулу арқылы командалық жұмысты үйрету. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану.

Жарыс барысы: Жарысқа мектептен сегіз команда қатысып жарыс үш күнге созылды. Жарыс барысында А-тобында 11 «А», 11 «Ә», 9 «А», 9 «Ә» сыныптары ойнап финалдық ойынға 11 «А» және 11 «Ә» сыныптары жолдама алса, В-тобында 10 «А», 10 «Ә», 8 сынып, 7 сынып ойнап, финалдық ойындарға жолдамамен 10 «А» және 7 сынып шықты. Финалдық ойындар өте қарқынды өтіп, III-орынды 11 «А» сынып, II-орынды 10 «А» сынып, I-орынды 11 «Ә» сыныбы жеңіп алды.

Қорытынды: Қатысқан командаларға қатысқаны үшін грамоталары беріліп, орын алғандарға мадақтама берілді.



ХАБАРЛАМА

2023 жылдың 13 қазан күні Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде білім алушылар арасында «үстел теннисінен» Ұлттық мектеп лигасының мектепшілік кезеңі өткізілді.

Бұл жарыстың мақсаты – оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және ұлттық мектеп лигасына іріктеу жүргізу.

Жарысқа әр сыныптан оқушылар белсене қатысып, өз шеберліктерін көрсетті. Үздік нәтиже көрсеткен оқушылар келесі аудандық кезеңге жолдама алды.

Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оқушыларға сергектік пен спорттық рух сыйлады.



Хабарлама

2023 жылдың 21-қараша күні Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде н«Өнерлі ұрпақ –кемел болашақ» атты эстетика пәндері он күндігі аясында “Әлемді бағындырған жерлесіміз”атты кездесу көші дене тәрбиесі пәні мұғалімі Ө. Ахметжанның ұйымдастыруымен өткізілді.Кездесу барысында кеш қонағы тоғызқұмалактан ардагерлер арасындағы ҚР чемпионы Дәндібаев Төлеген ағайдың әсерлі сұхбаты оқушылардың ұлттық ойынға деген қызығушылығын тудыра білді.



ХАБАРЛАМА

2023 жылдың 24-қараша күні Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде білім алушылар арасында «тоғызқұмалақтан» Ұлттық мектеп лигасының мектепішілік кезеңі өткізілді.

Шараның мақсаты – ұлттық ойынды насихаттау, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту және аудандық кезеңге іріктеу жүргізу.

Жарысқа әр сыныптан оқушылар белсенді қатысып, өздерінің білімін, шеберлігі мен шыдамдылығын көрсетті. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер келесі кезеңге жолдама алды.

Іс-шара жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың ұлттық спортқа деген қызығушылығын арттырды.




ХАБАРЛАМА

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында ВОЛЕЙБОЛ спортынан мектепшілік жарыс өткізілді. Жарысқа 9-11-сынып оқушылары қатысты және 7-8-сынып оқушылары қатысым алды.

Жарыс мақсаты: Оқушыларды спортқа баулу арқылы командалық жұмысты үйрету. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану.

Жарыс барысы: Жарысқа мектептен 8 сынып қатысып, жарыс 3 күнге созылды. Қараша айының 7-сі күні жере тарту рәсімі өтті. 8-9-қараша топтық ойындар болды. 10 қараша күні жартылай финал, финалдық ойындар болды. Жарыс өте тартысты өтіп, оқушылардың спортқа деген құлшынысын арттыра түсті. Жарысқа қатысқан сегіз команда А және В топтары болып екі топқа бөлінді. А тобында 11 «А», 9 «Ә», 10 «Ә», 7 сынып болса, В тобында 11 «Ә», 10 «Ә», 9 «А», 8 сынып болды. А тобынан жартылай финалға 11 «А» және 7 сынып шықса, В тобынан 9 «А» мен 8 сынып шыққан болатын. Ойынды қортындылай келсек 9 «А» сынып І орынды жеңіп, 8 сынып ІІ- орынды жеңіп, 11 «А» сынып ІІІ орынға табан тіреді. 7 сыныпқа жарысқа қатысқаны үшін мадақтамасы берілді.



ХАБАРЛАМА

18.01.2024 Қызылжар ЖОББ мектебінде мектеп лигасы аясында 9-11 сынып арасында баскетбол жарысы өткізілді.

Жарыстың мақсаты: оқушыларға баскетбол ойының насихаттау, салауатты өмір-салтын ұстану, сабақтан тыс уақытты тиімді пайдалану.

Жарысқа 9, 10, 11 сыныптар қатысты.

Жарыс 10 минуттан 2 кезеңнен тұрды.

Жарыс барысында оқушылар спортқа деген қызығушылығымен, шапшаңдылықтарымен, жақсы ойын-өрнегін көрсетіп көзге түсті. Жарыстың қорытындысы бойынша:

I орын -11-сынып

II орын -10-сынып

III орын -9-сынып

орындарға ие болды.

Оқушылар төмендгідей номинацияларға ие болды.

«Үздік шабуылшы» Рахат Мәулен 10 сынып

«Үздік қорғаушы» Абат Әбілмансұр 9 сынып, Абдиров Нұрбакыт 11 сынып

«Үздік ойыншы» Сыдықов Санат 10 сынып

«Үздік сұрмерген» - Ташкараев Мейіржан 11 сынып

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері мақтау қағаздарымен марапатталып, мектептің Instagram парақшасына жарияланды.

Жауапты: Е.Т. Булеков



ХАБАРЛАМА

2024 жылдың 19 қаңтары күні Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» атты жарыс ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – ұлттық спорт түрлерін насихаттау, оқушылардың қызығушылығын арттыру және салт-дәстүрімізді дәріптеу. Жарыс барысында оқушылар асық ату, арқан тарту, тоғызқұмалақ сынды ұлттық ойындардан сайысып, белсенділік пен ұйымшылдық көрсетті.

Шараны дене тәрбиесі пәні мұғалімдері жоғары деңгейде ұйымдастырды. Жарыс тартымды өтті, оқушылар ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын танытып, ерекше көңіл күймен қатысты.



Хабарлама

2024 жылдың 21-ақпан күні Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде дене шынықтыру ұжымының жоспарына сәйке қысқы спорт түрінен оның ішінде "Биатлоннан" 9-11 сынып оқушылары арасында жарыс өткізілді. Жарыс өте жақсы өтіп оқушыларға ерекше әсер қалдырды. Жарыс қорытындысы бойынша үздік уақыт көрсеткішімен және мергендігімен көзге түсіп 3 -орынды Әскербаев Төлеген алды. Баймұхан Нұрдаулет жарыс көркін қыздырып жеңімпаз болуға сәл жетпей 2 орын алды. Ал жылдамдық, төзімділік, ептілік және мергендікті ұштастырып жарыс биігінен көрініп 1 орынды Төлеген Қолғанат жеңіп алды.



ХАБАРЛАМА

2024 жылдың 5 наурызы күні Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «Әкем, Анам және Мен» атты дәстүрлі отбасылық жарыс өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – оқушылар мен ата-аналар арасындағы байланысты нығайту, отбасылық құндылықтарды дәріптеу және салауатты өмір салтын насихаттау.

Жарысқа мектеп оқушылары ата-аналарымен бірге қатысып, түрлі спорттық эстафеталар мен қызықты тапсырмаларды орындады. Отбасылар ұйымшылдық пен белсенділік танытып, өзара колдаудың жарқын үлгісін көрсетті.

Жарыс соңында жеңімпаз отбасылар марапатталып, қатысушыларға алғыс хаттар табысталды. Шара жоғары көңіл күй мен достық рухта өтті.



ХАБАРЛАМА

2024 жылдың 10 сәуір күні Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде спорт ардагерлері мен мектебіміздің мұғалімдері арасында волейболдан жолдастық кездесу өткізілді.

Іс-шараның мақсаты – спорт ардагерлерінің тәжірибесін насихаттау, ұжымішілік ынтымақтастықты нығайту және салауатты өмір салтын ұстануға үндеу.

Кездесу достық әрі белсенді атмосферада өтті. Ардагерлер мен ұстаздар командасы өз шеберліктерін көрсетіп, жас ұрпаққа үлгі бола білді. Жолдастық ойын қатысушылардың көтеріңкі көңіл күйімен, өзара құрмет пен қолдауға негізделген әсерлі сәттерге толы болды.

Шара соңында қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды.



ХАБАРЛАМА

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде 2-мамыр күні халықаралық отбасы күніне орай "Денсаулық FEST" атты марафон өткізілді. Марафонға 7-9 сынып оқушылары, мектеп мұғалімдері және ата-аналар қатысты. Жарыстың мақсаты: Ата-ана мен мектеп арасындағы қарым қатынасты нығайту, мектеп өмірінен хабардар ету. Оқушыларға салауатты өмір салтын насихаттау. Марафон бәсекесінде топ жарғандар мақтау қағаздары мен медалдармен марапатталды



Ұйымдастырған : Ахметжан Өркен

ХАБАРЛАМА

2024 жылдың 17 мамыр күні Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде «Спорт – шексіздік» тақырыбында іс-шара ұйымдастырылды. Шара барысында оқушыларға Паралимпиада ойындарына қатысушылар туралы бейнеролик көрсетілді.

Іс-шараның мақсаты – ерекше жандардың өмірге деген құлшынысын, табандылығын насихаттау, оқушыларға мотивация беру және мүмкіндігі шектеулі жандардың спорттағы жетістіктерімен таныстыру.

Шараны дене тәрбиесі пәні мұғалімі Сансызбай Жандос ұйымдастырды. Оқушылар бейнематериалды қызығушылықпен тамашалап, өз ойларымен бөлісті. Бұл кездесудің тәрбиелік мәні зор болды.

Анықтама

2023–2024 оқу жылының жоспарына сәйкес Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебінде дене шынықтыру пәні мұғалімдері мен ұйымдастырушылардың басшылығымен бірқатар спорттық іс-шаралар жоғары деңгейде өткізілді. Іс-шаралардың басты мақсаты – оқушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру және ұлттық спорт түрлерін насихаттау болды.

Өткізілген негізгі шаралар:

1. Жеңіл атлетикалық марафон (қыркүйек, мамыр) – жоғары сынып оқушылары белсене қатысты. Қатысушылар арасында қауіпсіздік ережелері сақталып, марапаттау ұйымдастырылды.
2. Футбол турнирі (қыркүйек-желтоқсан) – сынып аралық командалар құрылып, достық жағдайда өтті.
3. «Біз салауатты өмір салтымыз» акциясы (қыркүйек, мамыр) – спорттық жаттығулар мен жаттығу техникасы түсіндірілді.
4. Волейбол турнирі (қазан) – жоғары қызығушылықпен өтті, жеңімпаздар марапатталды.
5. Үстел теннисі жарысы (қазан, мамыр) – оқушылардың ептілік, дәлдік қабілеттері артты.
6. «Әлемді бағындырған жерлесіміз» кездесу (наурыз) – мотивациялық бағыттағы кездесулер ұйымдастырылды.
7. «Тоғызқұмалақ» жарысы – оқушылар арасында логикалық ойлау, шыдамдылық дағдылары дамыды.
8. Ұлттық мектеп лигасы жобасы аясындағы жарыстар (желтоқсан, қаңтар) – волейбол, баскетбол, гандбол секілді командалық ойындар өтті.
9. Қысқы спорт ойындары (ақпан) – шаңғы жарыстары, эстафеталар ұйымдастырылды.
10. «Әкем, анам және мен» жарысы (наурыз) – отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған іс-шара.
11. Ардагерлермен волейбол кездесуі (сәуір) – спорттағы сабақтастықты дамыту мақсаты кезделді.
12. «Жаппай кросс» (мамыр) – жалпы мектеп бойынша өтті, белсенділік жоғары болды.
13. «СПОРТ — шексіздік» бейнеролик көрсету (мамыр) – параолимпиада ойындарына қатысушылар жайлы мағлұмат беріліп, оқушыларға үлгі ретінде көрсетілді.

Барлық спорттық іс-шаралар мектеп әкімшілігінің қолдауымен, қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, уақытында және сапалы түрде өткізілді. Оқушылардың қатысуы белсенділігі жоғары деңгейде болды. Жалпы өткізілген іс-шараларға қатысқан ата-аналар саны - 40, оқушылар саны - 187.

Мектепшілік жарыстарда іріктелген оқушылар аудандық жарыстарға қатысты. Аудандық жарыстарда оқушыларымыз топ жарып жүлделі орындарға ие болды.

- Темір БЖСМ-нің ашық біріншілігінде волейболдан қыз балалар арасындағы турнирде ІІ орынды иеленді.
- Ұлттық Мектеп лигасының аудандық кезеңінде “үстел теннисі” жарысында 9-11 сынып оқушылары жүлделі ІІІ орынды иеленді.
- Ұлттық Мектеп лигасының аудандық кезеңінде “тоғызқұмалақ” жарысында 7-8 сынып оқушылары жүлделі ІІІ орынды иеленді.
- Аудандық шаңғы тебу жарысында Төлеген Қолғанат ІІ орын иеленді.
- Үстел теннисінен Темір БЖСМ біріншілігінде Рахат Дария жүлделі І орын иеленіп облыстық жарысқа жолдама алды.

Дене шынықтыру мұғалімдері де Мұғалімдер спартакиадасының волейбол спорт түрінен аудандық кезеңінде жүлделі ІІІ орынды иеленіп, облыстық кезеңде Шынжанов Еркебұлан мен Ахметжан Өркен аудан құрама сапында ойын көрсетіп облыстық кезеңде жүлделі ІІ орын иеленіп келді.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі Булеков Ерасыл Мұғалімдер спартакиадасының облыстық кезеңінде Футзал жарысынан ІІІ орын иеленді.

Аудандық турнирлерде дене шынықтыру мұғалімдері төрешілік қызметтер атқарып және түрлі қоғамдық шараларға қатысып, оқушыларға үлгі болып, салауатты өмір салтын сақтауға және ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсулеріне ықпал етуде.

Анықтама берген: дене шынықтыру пәні нұсқаушысы - Ахметжан Өркен

2024 ж. мамыр